

Д. Женсхан*
Ш.Е. Альпеисова
Н.Т. Шайкенова

^{1*}С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана, Қазақстан
(E-mail:azan_tanat@mail.ru*, sholpan761@mail.ru, nurgul_12.1972@mail.ru)

Қазақстандағы азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру

Аңдатпа. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, сонымен қатар, елімізде азық-түлік тауарлары қорын молайту арқылы инфляцияны болдырмаудың тиімді жолы - ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмысын оңтайландыру деп есептейміз. Мақсаты – Қазақстандағы азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың қазіргі даму жағдайын талдау және оның одан әрі даму жолдарын анықтау. Әдістері – Еліміздегі қайта өңдеуші кәсіпорындардың қазіргі даму жағдайын талдау үшін статистикалық-экономикалық, аналитикалық, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды жасау барысында жүйелік, монографиялық, есептік-конструктивтік тәсілдер қолданылды. Мақалада алдағы үш жылда еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу бағыттары қарастырылған. Азық-түлік қауіпсіздігі және тамақ өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың жағдайы туралы жазылған отандық ғалымдардың еңбектерін ескере отырып, ондағы проблемалар жіктеліп көрсетілді, қайта өңдеуші кәсіпорындардың жұмысын оңтайландыру бойынша қорытынды жасалды. Қорытындылар – Әлеуметтік маңызы бар азық-түлікпен республика халқын толық қамтамасыз ету үшін аймақтардың мамандану деңгейіне сәйкес, ауылдардың орналасу картасы бойынша аудан орталықтары мен моноқалалардан мамандандырылған қайта өңдеу зауыттарын құру керек. Ұсақ шаруашылық иелерінің өндірістік және қаржылық сауаттылығының арттыру арқылы ауылшаруашылық кооперативтерін нығайту және ұйымдастыру қажет. Өндірілген ауыл шаруашылығы өнімін тұрақты өткізуді қамтамасыз ету және оны делдалсыз тұтынушыға дейін жеткізу үшін әр бір қайта өңдеу кәсіпорындарының жанынан агрологистикалық және сервистік, көтерме-тарату орталықтар желісін құру қажет. **Түйін сөздер:** ауыл шаруашылығы; агроөнеркәсіптік кешен; қайта өңдеу кәсіпорындарын оңтайландыру; ауыл шаруашылығы өнімі; азық-түлік, тұтыну; импорт.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-4-65-73>

Кіріспе

Ауыл шаруашылығы Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуында маңызды рөл атқарады. Еліміздің ауыл шаруашылығы нарықтық экономикаға

өту кезіндегі жіберілген өрескел қателіктерінің салдарынан әлі де зардап шегуде [1].

Елдің жалпы ішкі өнімінің құрылымында ауыл шаруашылығы 2020 жылы 5,4 % - ды құрайды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 1,0% жоғары. Демек, жыл сайын ауыл

шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді.

2020 жылы барлық ауылшаруашылық жерлерінің шамамен 73% пайызы мал жаю үшін пайдаланылған. 2021 жылғы 1 желтоқсанда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мал шаруашылығының барлық санаттары бойынша өскен, атап айтқанда жылқы саны 10,2%; ірі қара мал 5%; түйе 4,6%; құстың саны – 10,9% артты. Сонымен қатар, ет өндірісі - 5,7%, сиыр сүтінің өндірісі 3,2% артты [2]. Мал шаруашылығының жылдан-жылға дамуы елдің көшпелі дәстүрін бейнелейді. Дегенмен, еліміздегі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардағы технологиялық ескіру, олардың шикізаттармен қамтамасыз етілу жағдайындағы жеткіліксіздік, өндірістік қуатты толық пайдалана алмауы мемлекеттік деңгейдегі өткір мәселе ретінде қарастырылады.

Мақаланың негізі мақсаты- Қазақстандағы азық-түлік өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру бойынша ұсыныстар жасау. Қойылған мақсатқа сәйкес ғылыми негізделген ұсыныстар жасау үшін келесі міндеттерді қарастырылған жөн деп есептейміз, олар: Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы мемлекеттік бағдарламаларға талдау жасау, азық-түлік өндірісінің жағдайын және қайта өңдеуші кәсіпорындардың шикізат өнімдерімен қамтамасыз етілу жағдайын, халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтыну деңгейін зерделеу арқылы қойылған мақсатқа сәйкес ұсыныстар жасау.

Зерттеу әдістері

Мақаланың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әртүрлі зерттеу әдістері қолданылады: экономикалық – статистикалық-азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін бағалау кезінде; еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы және қайта өңдеуші кәсіпорындар бойынша проблемаларды анықтау барысында абстрактылы – логикалық

әдіс қолданылды. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибелер мен дамыған елдердің тәжірибесін елімізде жалпыластыру мен енгізуді ұсыну үшін монографиялық әдіс қолданылды, ал салыстырмалы талдау әдісі ауыл шаруашылығы салаларының даму динамикасын анықтау кезінде және азық-түлік өнімдері түрлерімен тұтынушыларды қамтамасыз ету деңгейін анықтау кезінде пайдаланылды. Азық-түлік жүйесінің дамуына әсер ететін факторларды бағалау кезінде жүйелеу әдісі, логистикалық және басқалар қолданылды.

Талқылау

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында АӨК саласын тұрақты дамыту, ұзақ мерзімді перспективада халықты отандық ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамтамасыз ету; миллиондаған ауыл тұрғындарының кірістерін тұрақты арттыру; еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыру; АӨК өнімдерінің экспортын 2,0 есе ұлғайту сияқты басым міндеттерді жедел орындауды талап етеді [3].

Қазақстан азық-түлік өнімдерінің 12 түрі бойынша 100% - ға (картоп, қияр, қызылша, күріш, қарақұмық жармасы, қой еті, жұмыртқа, бидай ұны, нан, макарон, сүт, тұз); 11 түр бойынша 80% - ға (қызанақ, сәбіз, қырыққабат, пияз, бұрыш, сиыр еті, жылаңқы еті, шошқа еті, қышқыла сүт өнімдері, сары май, күнбағыс майы) және өнімдердің 6 түрі бойынша басқа елдерден (күс еті, шұжық өнімдері, ірімшік және сүзбе, қант, алма, балық) импорттайды[4]. Айта кету керек, бірде-бір ел өзін-өзі өндірудің барлық түрлерімен қамтамасыз ете алмайды, дегенмен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлығын өндіру және оның бағасын тұрақты ұстап тұру аса маңызды. Сондықтан еліміздегі азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың жұмысын оңтайландырған дұрыс деп есептейміз.

Қазақстандық АӨК-нің басым салалары астық, сүт, ет, жеміс-көкөніс, май-тоңмай салалары болып табылады.

2020 жылы диқандар 20,1 миллион тонна астық жинады. Оның 4,4 миллион тоннасы ғана қайта өңделді. 11,8 миллион тонна шикізатқа есептелген өндірістік қуаттар болған кезде қайта өңдеу үлесі 21,8% - ды құрады. Астық өнімдерінің ең ірі өңдеушілері болып табылатын Қостанай облысы 41,8%-ға, Солтүстік Қазақстан облысы – 24,9% – ға, Ақмола облысы – 21% - ға жүктелді [5].

Республикада элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындарының, астық сақтау қоймаларының ірі желісі бар. Олардың бәсекелестік артықшылықтары қайта өңдеуге түсетін астықтың жоғары сапасы, сала кәсіпорындарының техникалық жарақтандырылуы. Осыған байланысты әлеуетті экспорттық нарықтар жақын болуы, яғни сатып алушылардың жоғары сұранысы сыртқы сауданың дамуына әсер етіп отыр, (өндірілген ұнның шамамен 80% - ы шетелге жеткізіледі). Алайда, астық өңдеушілердің жағдайын талдау нәтижелері ғалымдарға бірқатар проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді. Азық-түліктік астықтың нақты теңгерімінің болмауы, баға конъюнктурасына байланысты астық нарығының тұрақсыздығы, ішкі нарықты нығайту үшін оны қайта өңдеу көлемдерінің нақты қажеттілігін есептеу мен бақылаудың жетілмегендігі. Сонымен қатар, тасымалдау шығындарының жоғары сипаты, өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін жылжытудағы логистикалық проблемалар, элеваторлардың әлсіз материалдық-техникалық базасы (үштен бірі қайта құру мен жаңғыртуды қажет етеді) секілді проблемалар бар.

Сүт саласы. Бүгінгі таңда республикада сүт өңдейтін 150-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың жалпы өндірістік қуаты – жылына 1980 мың тонна, бұл ретте олар 66,6% - ға жүктелген: 6051,4 мың тонна шикі сүт өндіру кезінде 1318,6 мың тонна қайта өңделген шикізат.

Сүттің негізгі өндірушілері Шығыс Қазақстан, Алматы, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланған.

Негізгі қайта өңдеуші зауыттар да дәл сол жерде орналасқан. Шығыс Қазақстан облысының кәсіпорындарын қоспағанда, олар 81-84%-ға жүктелген (35%). Басқа облыстарда, керісінше, өндірістік қуаттар жеткіліксіз, ал жұмыс істеп тұрғандары толық жүктелмеген, бұл ретте ел бойынша шикі сүтті қайта өңдеу үлесі 21,8% - ды құрайды. Сүт өңдеуші кәсіпорындардағы өндірістік қуаттың толық көлемде пайдаланылмауының басты себебі: терең өңдеуге жарамды сапалы сүттің жеткілікті көлемінің болмауы, сүт өнімдерін дайындау, бастапқы өңдеу, тасымалдау, сақтау және өткізу жүйесінің дамымауымен түсіндіріледі.

Сүт өнімдері нарығындағы Қазақстандық дайын өнімдердің құрамы: сұйық өңделген сүт (96,0%), сары май (89,8%), йогурттар, ашытылған сүт және кілегей (89,2%). Ірімшік пен сүзбе (57,0%), қоюландырылған сүт пен кілегей (26,8%) айтарлықтай төмен. Құрғақ сүт сегменті ғана толығымен импортталады (жергілікті өндірістің үлесі бар болғаны 1,8%).

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы тағы бір басым бағыт - ет саласы, 2021 жылы 1830,3 мың тонна көлемінде ет өндіру кезінде жалпы қуаты 524 мың тоннаны құрайтын 250-ден астам ет өңдеуші кәсіпорындары жұмыс істеді. 2021 жылы Қазақстанда тек қана 308,2 мың тонна ет қайта өңделді, қайта өңдеу үлесі – 16% - дан сәл артық. Ет және ет өнімдерінің ішкі нарығында 2017-2020 жылдары өндірістің 12,4% – ға өсуі байқалды, ал жан басына шаққандағы ет тұтыну осы кезеңде 8,7% - ға, жылына 83,7 кг-ға дейін өсті. Бұл ретте 2020 жылдың өзінде Қазақстан 79,1 млн долларға 38,3 мың тонна шұжық өнімдерін, 30 млн долларға 14,6 мың тонна ет және ет – өнімдері консервілерін импорттады.

Еттің басым бөлігі Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарында өндіріледі, бұл ретте мұнда ет өңдеу қуаты жеткіліксіз екені анық. Бұл жағдайлар ет комбинаттарының қуатын арттыру, ет өнімдерін қалдықсыз өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу арқылы дайындау, бастапқы өңдеу, терең өңдеу жүйесін одан әрі дамыту қажеттілігін растайды.

Кесте 1 - Халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтынуы, кг.

Өнім түрлері	2015ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	Ауытқу,% (2020/2015)
Нан өнімдері және жарма өнімдері	129,8	130,7	133,7	138,5	136,3	140,3	108,1
Ет және ет өнімдері	73,6	72,9	72,9	77,9	78,9	83,7	113,6
Балық және теңіз өнімдері	11,3	10,9	10,7	13,2	14,6	15,1	133,4
Сүт және сүт өнімдері	233,6	235,5	237,7	261,3	253,5	259,4	111,1
Жұмыртқа (дана)	164,0	164,7	168,5	193,3	194,3	199,1	121,4
Май және майлы өнімдер	19,3	19,5	19,5	19,2	17,1	17,3	89,7
Жемістер	64,4	61,4	64,6	74,9	77,4	78,7	122,2
Көкөністер (картопсыз)	90,2	89,3	88,5	94,1	86,6	86,4	95,7
Картоп	48,5	48,6	46,9	48,6	48,5	50,1	103,2
Кондитерлік өнімдер: қант, джем, бал, шоколад	41,9	40,7	41,3	46,3	42,9	43,0	102,6
Ескертпе - [2] авторлармен құрастырылған							

2020 жылы 2015 жылмен салыстырғанда тамақ өнімдерінің келесі түрлері бойынша тұтынудың өсуі артты: балық және теңіз өнімдері – 33,4% – ға, жемістер – 22,2% – ға, ет және ет өнімдері- 13,6 % - ға, жұмыртқа-21,4% - ға. Республика халқы нан мен нан – тоқаш өнімдерін (калория мөлшері) – 21,4%, сүт және сүт өнімдерін – 11,1 %, кондитерлік өнімдер – 2,6 % және ет өнімдерін-13,6% көбірек пайдаланады [2].

Суреттен көріп отырғанымыздай көкөністер (4,3%) мен май өнімдерімен (11,3%) тұтыну азайған, Әлеуметтік тауарлар қатарына жататын ет өнімдерінің бағасының

қолжетімді болмауы, оған субститут тауар ретіндегі балық пен жұмыртқаға сұранысты арттырып отыр.

2020 жылы елімізге 2,6 мың тонна (8957,2 мың АҚШ доллары) балық және теңіз өнімдері импортталған. Ал 30 мың тоннадан астам шұжық басқа елдерден әкелінген. Халықтың осы өнімге деген сұранысы өз өндірісі есебінен 62%-ға қамтамасыз етіледі. Халықты осы өніммен толық қамтамасыз ету үшін қуаттылығы 103 мың тонна жаңа ет өңдеу кәсіпорындарын құру қажет [6].

Қазіргі уақытта республикада етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдері



Сурет 1 - Халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтынуы бойынша динамикалық өзгерісі, %

өндірісінің көлемі шамамен 300,0 млрд. теңгені құрайды немесе 2015 жылмен салыстырғанда 2,0 есеге ұлғайды.

Өкінішке орай, 2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты импорттық өнімдердің бағасы көтерілді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы өндірістік шығындар артты. Нәтижесінде 2021 жылы Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 2020 жылмен салыстырғанда 9,3% - ға өсті. Күнбағыс майы (20%), көкөністер, оның ішінде сәбіз (152,5%), картоп (90,1%), қант (10,3%) және қарақұмық жармасы (10,1%) бағасы айтарлықтай өсті [2].

2022 жылдың 11 қаңтарында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі мәлімдемесінде де еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін нығайту қажеттілігін баса айтылды. Онда елімізде азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейтінін айтып, Үкімет пен әкімдерге алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу мемлекеттік деңгейдегі негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударды [7].

Демек, қайта өңдеу кәсіпорындарындағы нақты проблемаларды көрсету, оны тиімді шешудің тетіктерін ұсыну ғалымдар алдында тұрған негізгі міндет деп есептейміз.

Нәтижелер

Талдау нәтижелері аясында Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытуды тежейтін негізгі себептерді келесілермен түсіндіруге болады:

1. Технологиялық өзара байланысты салалардың аумақтық шашыраңқы орналасуы. Бұл республиканың шикізат базасының орасан зор мүмкіндіктерін тиімді іске асыруға, халықтың азық-түліктің негізгі түрлеріне қажеттілігін толық көлемде қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. Қайта өңдеу кәсіпорындары үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін, әсіресе шалғай аудандардан сатып алу тиімді емес. Ал шикізатты өндірушілер үшін бар өнімдерін сақтау, тасымалдау және

өткізу инфрақұрылымының дамымауы оны қайта өңдеу немесе көтерме-бөлшек сауда орындарына уақтылы жеткізуге мүмкіндік бермейді.

2. Өнеркәсіптік өңдеуге жарамды ауыл шаруашылығы шикізаты жеткілікті көлемде өндірілмейді, өнімді сатып алу, сақтау, бастапқы өңдеу, тасымалдау және өткізу салаларында оны өңдеушілер мен нарықтарға уақтылы жеткізуге қабілетті инфрақұрылым дамымаған. Нәтижесінде, өңдеуші кәсіпорындар толық қуатқа жүктелмеген, ал дайын (қайта өңделген) азық-түлік өнімдерінің жеткіліксіз өндірісі жеміс-көкөніс консервілерін, еттен, ірімшіктерден, кілегейден, қоюландырылған сүттен және азық-түліктің басқа да түрлерінен шұжықтар мен консервілерді импорттық жеткізудің ұлғаюына алып келеді.

3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа жылжытуда көптеген делдалдар өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықты қамтиды. Қайта өңдеу ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлы сипатын тежейді. АӨК жалпы өнімінің көлеміндегі жеке үй шаруашылықтарының үлес салмағы жоғары. Олар өнеркәсіптік қайта өңдеуге сапасы төмен, кейбір жағдайда жарамсыз болып табылатын шикізаттарды ұсынады. Соған қарамастан, фермерлер зауыттар белгілеген төмен сатып алу бағасына қанағаттанбайды.

Ал қайта өңдеушілер, өз кезегінде, жылу және электр энергиясына, суға тарифтердің көтерілуіне, технологиялық жабдықтардың қымбаттауына байланысты жоғары өндірістік шығындарға үнемі шағымданады.

4. Қайта өңдеу кәсіпорындарындағы моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген технологиялық жабдықтарға қойылған жоғары тарифтер, шикізаттың да, дайын өнімнің де сапасын бақылаудың ескірген жүйесі, сабақтас салалардың кәсіпорындары арасында келісілген, мүдделі қатынастардың болмауы да ауыл шаруашылығының әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде, қазақстандық өндірушілер шетелдік өндірушілермен

бәсекеге түсуге мәжбүр. Импорттық өнімдер көбінесе өңдеу және орау технологиясы есебінен басымдылыққа ие. Тіпті көрші мемлекеттердегі өндіріс арзан болуы мүмкін, бұл импорттық өнімнің өзіндік құнын төмендетуге әкеледі.

5. Сүт және ет салаларының дамуын тежеуші шикізат базасының ұсақ әрі әлсіз болуы. Ұсақ шаруашылық иелерінің өндірістік және қаржылық сауаттылығының төмен болуы, бір-біріне деген сенімсіздік ауылшаруашылық кооперативтеріне бірігуге ынталандырмайды. Мысалы, сүттің шамамен 72% - ы жеке шаруашылықтарда өндіріледі. Өнімнің сапасының болмауының негізгі себептері; малдың нашар тұқымнан болуы; малға қажетті сапалы жемнің болмауы, тамақтану рационының сақталмауы, қолмен саууды қолдану т.б. Осыған байланысты қайта өңдеуші кәсіпорындарда шикізаттың жеткіліксіз мөлшері алыптасып, өңделген өнімдердің сапасы төмендейді. Ал, асыл тұқымды малды барлық ауыл тұрғындары ала алмайды. Қолданыстағы мемлекеттік субсидиялау көбінесе ірі өндірушілерге бағытталған, шағын және орта шаруашылықтар сүт өндірісінің жалпы көлеміне қосқан үлестеріне қарамастан, мемлекеттік қолдаумен қамтылмаған.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселені шешудің өзектілігі мен басымдығын өз жолдауларында бірнеше рет атап өтті. 2022 жылғы 11 қаңтардағы мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Парламент Мәжілісіндегі тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның ауыл шаруашылығы министрлігі бірқатар нақты шаралар жүргізуде, олар: 2022 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын 22,9 млн. га алаңға орналастыру, бұл 2021 жылдан 13,5 мың га артық; әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында АӨК дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде импортты алмастыру; 2022 жылғы 1 шілдеге дейін мың тонна және 110 мың тонна күнбағыс майы; 3 ай мерзімге картоп пен сәбізді

экспорттауға, сондай-ақ 6 ай мерзімге ірі қара мал мен қой мен ешкі шығаруға тыйым салу.[8]. Біз бұл шаралар елдегі қайта өңдеу кәсіпорындарының қызметін оңтайландыруға айтарлықтай әсер етеді деп есептейміз.

Қорытынды

Аталған проблемалар топтамасы ғалымдардың алдына еліміздегі қайта өңдеу кәсіпорындарын тиімді ұйымдастырудың негізгі тетіктерін ұсынуды қажет етеді. Елімізде қайта өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен толық қамтамасыз ету; олардың өндірістік қуаттарын толық пайдалану; ескірген, өндірістік шығындары жоғары, өнімділігі төмен технологияларды инновациялық технологиялармен ауыстыру; импорттық өнім мен шикізатқа тәуелділікті азайту; ұсақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауаттылығын арттыру нәтижесінде оларды өндірістік кооперативтерге біріктіру арқылы тұтынушыларды отандық, сапалы, қолжетімді бағадағы азық-түлікпен толық қамтамасыз етуге болады.

1. Аймақтардың мамандану деңгейін ескере отып, ауылдардың орналасу картасы бойынша әр аудан орталықтарынан мамандандырылған қайта өңдеу зауыттарын құру керек деп есептейміз. Мұндай кәсіпорындар өнім сапасын бақылау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушіден тұтынушыға дейін «өндіріс – сақтау – өңдеу – өткізу» технологиялық тізбегі бойынша жылжытудың тиімді тетігі болмақ. Олар ірі көлемдегі өнімдерді өндіретін болғандықтан, тұтынушылар алдында өндірілген өнімнің сапасы мен бағасына тікелей жауапты. Санитарлық талаптарға сәйкес өндірілген өнімдер әрқашан бәсекеге қабілетті болады. Нәтижесінде, ішкі және сыртқы нарықты кеңейту мүмкіндігі қалыптасады.

2. Өндірілген ауыл шаруашылығы өнімін тұрақты өткізуді қамтамасыз ету және оны делдалсыз тұтынушыға дейін жылжыту үшін аудан орталығындағы қайта өңдеу кәсіпорындарының жанынан,

агрологистикалық және сервистік, көтерметарату орталықтар желісін құру қажет. Олар шағын сипаттағы ауыл шаруашылық субъектілеріне (мал өсірушілерге), соның ішінде кооперативтерге өнімді көтерме және бөлшек бағада сатуға, тасымал шығындарын қысқарту, азық-түліктің ірі партияларын қалыптастыру, оларды ішкі нарықта және экспортқа бөлуге мүмкіндік береді.

3. Ұсақ шаруашылық иелерінің өндірістік және қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы ауыл шаруашылық кооперативтерін ұйымдастыру. Бұл кооператив мүшелері мен фермерлердің мүдделерін қорғаудың, ауыл шаруашылық өнімдерін сату, сақтау және бастапқы өңдеу мәселелерін шешудің тиімді құралы болады. Кооперативтік бордақылау алаңдары, мал сою цехтары, сүт қабылдау пункттері және басқа да осындай инфрақұрылымдық объектілер сүт, ет өндіру

мен қайта өңдеу көлемін арттыруға, олардың сапасын бақылауға, демек, қайта өңдеу зауыттарын сапалы өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының жанынан құрылған логистикалық орталықтар мен кооперативтер өз кезегінде мемлекеттік субсидияларға ие болады. Сонымен қатар, жеңілдікпен кредит алу және салық салу түріндегі мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді. Осылайша қайта өңдеуші кәсіпорындардың қызметін оңтайландырудың экономикалық әсері әлеуметтік нәтиже алуға – жаңа жұмыс орындарын құруға, жұмыссыздықты азайтуға, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің әлеуметтік жағдайын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Nurlan Z., Zharmagambetova Zh. Kazakhstan - Agricultural Sector. Kazakhstan Country Commercial Guide -2021. [электрон.ресурс]- URL: <https://www.privacyshield.gov/article?id=Kazakhstan-Agricultural-Sector> (дата обращения: 10.01.2022).
2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының мәліметтері. 2022. [Электронный ресурс] - URL: <https://stat.gov.kz> (дата обращения: 11.01.2022).
3. Токаев К.Ж. Послание Главы государства народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действия» - 2020.- [электрон.ресурс] - URL: <https://www.akorda.kz> (дата обращения: 10.01.2022).
4. Касенбаев Г.С., Есполов Т.И., Керимова У.К. Государственное регулирование рынков сельскохозяйственной продукции, сырья и продовольствия в Республике Казахстан // Проблемы агрорынка. - 2021. - № 3. - С. 119.
5. Акимбекова Г.У. Спасти переработчика: как решить проблемы пищевой промышленности Казахстана. [Электронный ресурс] - URL: <https://agroinfo.kz/spasti-pererabotchika-kak-reshit-problemy-pishhevoj-promyshlennosti-kazahstana/> (дата обращения: 10.01.2022).
6. 85% колбасы завозится в Казахстан из России. 2019. [Электрон.ресурс] - URL: <https://www.zakon.kz> (дата обращения: 08.01.2022).
7. Токаев К.К. Уроки «Трагического января»: единство общества – гарантия независимости // Выступление Главы государства на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан. [Электрон.ресурс] - URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414> (дата обращения: 08.01.2022).
8. Қарашукеев Е.Қ. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мемлекет Басшысы К.К. Токаевтың тапсырмаларын орындау үшін қабылданып жатқан жүйелі шаралары туралы -2022. [Электрон.ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/311143?lang=kk> (дата обращения: 12.01.2022).

D. Zhenshan, Sh.E. Alpeissova, N.T. Shaikenova
Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan

Optimization of the activities of food processing enterprises in Kazakhstan

Abstract. Strengthening the food security of Kazakhstan, increasing the stocks of food products in the country is an effective method of preventing inflation -optimizing the work of agricultural processing enterprises. Sush methods as statistical-economic, analytical, comparative analysis were used to analyze the current state of development of processing enterprises in the country. When summarizing the results of the study, systematic, monographic, computational and constructive approaches were used. The article considers the directions of cardinal solution of the problem of food security in the country in the next three years. Taking into account the works of domestic scientists, presented on food safety and the state of food processing enterprises, they classified the problems, drew conclusions on optimizing the work of processing enterprises. Based on the results of the study, it was concluded that in order to fully provide the population of the republic with socially significant food products, it is necessary to create specialized processing plants in regional centers and single-industry towns according to the map of the location of villages in accordance with the level of specialization of the regions. Organization and strengthening of agricultural cooperatives by increasing the production and financial literacy of small business entities. In order to ensure stable sales of agricultural products and their promotion to the consumer without intermediaries, it is necessary to create a network of agrologistic and service, wholesale and distribution centers at each of the processing enterprises.

Keywords: agriculture, agro-industrial complex, optimization of processing enterprises, agricultural products, food, consumption, import.

Д. Женсхан, Ш.Е. Альпеисова, Н.Т. Шайкенова
Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, Астана, Казахстан

Оптимизация деятельности предприятий по переработке продуктов питания в Казахстане

Аннотация. Укрепление продовольственной безопасности Казахстана, увеличение запасов продовольственных товаров в стране являются эффективными методами предотвращения инфляции - оптимизацией работы предприятий по переработке сельскохозяйственной продукции. В статье представлен анализ современного состояния развития предприятий по переработке продуктов питания в Казахстане и определены пути его дальнейшего развития. Использовались методы статистико-экономического, аналитического, сравнительного анализа. При подведении итогов по результатам исследования были использованы системный, монографический, расчетно-конструктивный подходы. В работе рассмотрены направления кардинального решения проблемы продовольственной безопасности в стране в ближайшие три года. С учетом трудов отечественных ученых, посвященных продовольственной безопасности и состоянию предприятий по переработке пищевых продуктов, классифицированы проблемы, сделаны выводы по оптимизации работы перерабатывающих предприятий. По итогам исследования сделан вывод о том, что для полного обеспечения населения республики социально значимыми продуктами питания необходимо создать специализированные перерабатывающие заводы в районных центрах и моногородах согласно карте расположения сел в соответствии с уровнем специализации регионов. Необходимо укрепление и организация сельскохозяйственных кооперативов путем повышения производственной и финансовой грамотности мелких хозяйствующих субъектов. Для обеспечения стабильного сбыта произведенной сельскохозяйственной продукции и доведения ее до потребителя без посредников необходимо создание сети агрологистических и сервисных, оптово-распределительных центров при каждом из перерабатывающих предприятий.

Ключевые слова: сельское хозяйство, агропромышленный комплекс, оптимизация перерабатывающих предприятий, сельскохозяйственная продукция, продукты питания, потребление, импорт.

References

1. Nurlan Z., Zharmagambetova Zh. Kazakhstan - Agricultural Sector. Kazakhstan Country Commercial Guide -2021. [Electronic resource] - Available at: <https://www.privacyshield.gov/article?id=Kazakhstan-Agricultural-Sector> (Accessed: 10.01.2022).
2. Kazakstan Respublikasynyn Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi. Ylttyk Statistika byurosynyn malimetteri [Data of the National Bureau of Statistics of the agency for Strategic Planning and reform of the Republic of Kazakhstan]. – 2022. [Electronic resource]- Available at: <https://stat.gov.kz> (Accessed: 11.01.2022).
3. Tokaev K.K. Poslanie Glavy gosudarstva narodu Kazahstana «Kazahstan v novej real'nosti: vremya dejstviya» - 2020 [Kazakhstan in a new reality: the time of action]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.akorda.kz> (Accessed: 10.01.2022).
4. Kasenbaev G.S., Espolov T.I., Kerimova U.K. Gosudarstvennoe regulirovanie rynkov selskohozyajstvennoj produkcii, syrya i prodovolstviya v Respublike Kazahstan [State regulation of agricultural products, raw materials and food markets in the Republic of Kazakhstan], Problemy agrorynka [agricultural market problems], 3, 119(2021).
5. Akimbekova G.U. Spasti pererabotchika: kak reshit' problemy pishhevoj promyshlennosti Kazahstana [Save the Processor: how to solve the problems of the food industry in Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://agroinfo.kz/spasti-pererabotchika-kak-reshit-problemy-pishhevoj-promyshlennosti-kazahstana/> (Accessed: 10.01.2022).
6. 85% kolbasy zavozitsya v Kazahstan iz Rossii [85% of sausage is imported to Kazakhstan from Russia]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.zakon.kz> (Accessed: 08.01.2022).
7. Tokaev K.K. Uroki «Tragicheskogo yanvaryya»: edinstvo obshchestva – garantiya nezavisimosti, Vystuplenie Glavy gosudarstva na zasedanii Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan [Uroki «Tragicheskogo yanvaryya»: edinstvo obshchestva – garantiya nezavisimosti]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414> (Accessed: 08.01.2022).
8. Karashykeev E.K. Auyl sharuashylygy ministriginiñ Memleket Basshysy K.K. Tokaevtyn tapsyrmalaryn oryndau yshin kabyldanyp zhatkan zhyjeli sharalary turaly [On systematic measures taken by the Ministry of Agriculture to fulfill the instructions of the head of State K. K. Tokaev]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/311143?lang=kk> (Accessed: 12. 01.2022).

Авторлар туралы ақпарат:

Zhenshan D. – **Corresponding author**, Candidates of Economic Sciences, Associate Professor, Department of «Management and Marketing», S. Seifullin Kazakh Agrotechnological University, Zhenis, 62, Astana, Kazakhstan.

Alpeissova Sh.E. – **Corresponding author**, Candidates of Economic Sciences, Associate Professor, Department of «Management and Marketing», S. Seifullin Kazakh Agrotechnological University, Zhenis, 62, Astana, Kazakhstan.

Shaikenova N.T. – **Corresponding author**, PhD, Associate Professor, Department of «Accounting and Finance», S. Seifullin Kazakh Agrotechnological University, Zhenis, 62, Astana, Kazakhstan.